



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

№13 (10 216)

5 сәуір

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

СЕНБІЛІККЕ ШЫҒАЙЫҚ, ЖЕРЛЕСТЕР!



Көктем келді! Наурыз айының басынан бастап, «Алғыс айту күні!», «Халықаралық Әйелдер күні», «Ұлыстың ұлы күні – Өз Наурыз» мерекелерін ауыл болып атап өттік. Наурыз мерекесіне орай он күндік «Наурызнама» бойынша ауылымызды біраз көріктендірдік. Енді тазалық айлығы басталды. Халқымыз «Ауылына қарап, азаматын таны» демей ме. Ендеше, ауданымыздың барлық тұрғындарын, еңбек ұжымдарын, мекемелер мен ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жастар мен оқушылар, тұрғын үй иелерін көктемгі сенбілікке белсене қатысуға шақырамыз.

Баршамыз ескелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген сүйіспеншілігімізді көрсетейік.

Аудан әкімдігінің аппарат жиынында алдымен осы мәселе көтерілді. Жансүгіров ауылдық округінің әкімі Илияс Мұсабажанов ауыл тазалығы жайында баяндама жасап, аудан әкімі Берік Тынышбайұлы мекемелердің сенбілікке шығуы мен қоғамдық жұмысшылардың күшімен көшеміздің әр бұрышын, аула-

ларды, жалпы ауылымызды тазартып, қалыпқа келтіре алмаймыз. Ауданның көрікті болуын қалайтын әркім бұл іске үлес қосуы тиіс. Ауданымыздың тазалық күтімі бәрімізге байланысты. Тек жұмыла көтерсек қана жүк жеңіл болмақ.

Сондықтан әрбір ауыл тұрғыны, мекемелер өздерінің шекаралары мен аулаларын тазаласын. Тазаламаған жағдайда учаскелік полиция инспекторларымен бірлесе алдымен ескерту беріліп, екінші тексеруде жеке тұлғалар мен мекемелерге 20 айлық көрсеткіш есебінде, шағын кәсіпкерлерге 30 айлық, орта кәсіпкерлерге 50 айлық, ал, ірі кәсіпкерлерге 100 айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынатынын ескертті. Осылай жасамасақ, ауылымызды көркейте алмаймыз. Бұл жұмысқа барша ауыл тұрғындары атсалысуы керектігін айтты.

Ендеше, бүкіл аудан тұрғындары апта сайын өтетін сенбіліктерге шақырамыз. Өз аулаларыңызда, көшелеріңізде, үйлеріңізде тазалық пен тәртіптің орын алуын қадағалаңыздар. Кәсіпкерлер мен кәсіпорындар жетекшілерін, ұйымдар мен мекемелер бас-

шыларын өз ғимараттарының маңайында санитарлық шаралар жүргізуге шақырамыз. Қоқыстан тазартып, мәдени өсімдіктер отырғызындар, ғимараттарыңыздың маңайын қалыпқа келтіріңіздер. Ғимараттарыңыздың алдына түн мезгілінде айнала жарық болу үшін жарықтандыру құралдарымен жабдықтап, іске қосыңыздар. Ауылымызды таза да жайлы, әдемі мекенге айналдырайық.

Осы жолда бәріміз – жас - көріміз бір кісідей жұмыла жұмыс жасайық!

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - дегендей бір кісідей сенбілікке шығып, әрбір ауланы қоқыстан тазартып, ағаш отырғызып, гүлзарлар жасауға атсалысайық.

Біз өзіміздің ауылымызды тазартуда, оның әркез таза болуына күш - қуаттарыңызды аямайтандықтарыңызға сенімдіміз!

Ендеше, баршамыз көктемгі сенбілікке шығайық!

Ербол СЫМХАНОВ.

Аудан тұрғындары назарына!

КУШІМІЗ БІРЛІКТЕ

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН Өңірлерге
Гуманитарлық көмек жіберу
Көмек ретінде берілетін заттар:

- КИІМ-КЕШЕК
- АЗЫҚ-ТҮЛІК
- ГИГИЕНАЛЫҚ ЗАТТАР

АҚСУ АУДАНЫ, ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛЫ,
ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ 5Б,
"АМАНАТ" ПАРТИЯСЫ АҚСУ АУДАНЫДЫҚ
ФИЛИАЛЫ

+7 707 182 26 02
ЖАКУПОВ СЕРІКҚАН

Құрметті аудан тұрғындары, еліміздегі табиғи апат аймағындағы тұрғындарға көмек қолын созамын деген еріктілер мен өңір тұрғындары үшін Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 "Б" «АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалының ғимаратында арнайы пункт ашылды.

Көмек ретінде берілетін заттар:

- жылы киім-кешек;
- азық-түлік;
- гигиеналық, тұрмыстық заттарды қабылдаймыз.

Маңызды: Өрбір зат сұрыпталып, арнайы жөшікке салынуы тиіс. Қолданылған, ескі заттар және тез бұзылатын азық-түлік қабылданбайды.

"АМАНАТ" ПАРТИЯСЫ АҚСУ АУДАНЫДЫҚ ФИЛИАЛЫ.

Су - тілсіз жау

«Су - тілсіз жау». Еліміздің бірқатар өңірі су тасқынынан зардап шегуде. Оны әлеуметтік желілерден көріп жағамызды ұстап, халықтың қиналғанын көріп, біз де қайғыларымен бөлісіп жатырмыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бірқатар өңірінде болған су тасқыны салдарынан туындаған төтенше жағдайға байланысты шұғыл кеңес өткізіп, Үкімет пен әкімдердің жұмысын немқұрайлы және кәсіби міндетіне сәйкес келмейді деп сынға алды.

«Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың арасында жүйелі байланыс болмаған» - деген Қасым - Жомарт Тоқаев зардап шеккен өңірлер тұрғындарына үлкен көлемде шығын келуіне байланысты екінші білдірді. Мемлекет басшысы қалыптасқан жағдайға байланысты кешірім сұрап, барлық азаматқа көмек көрсетілетінін айтты.

Президент жағдайды қалыпқа келтіру үшін шұғыл шаралар қабылдаумен қатар жүйелі жұмыс қажет екенін атап өтіп, Премьер-Министрдің төрағалығымен Республикалық штаб құру, сондай-ақ, барлық өңірде су тасқынына қарсы жұмыстарды күшейту, ең бастысы, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма беріп, мемлекеттік құрылымдарға табиғат апаты салдарынан болған шығын көлемін анықтап, алдағы уақытта осындай апаттардың алдын алу үшін кешенді шаралар қабылдау міндетін жүктеді.

Иә, 2010 жылы біздің ауданымызда да осындай апат болғанын аудан халқы жақсы біледі. Сол кезде барлық қазақстандықтар бізге көмек қолын созғаны шындық. Соның арқасында аз уақыттың ішінде ауыл қайтадан қалпына келді. Ол күндер қазір артта қалды ғой.

Өткен жылдарда «Көкбектіде» болған апатқа байланысты ақсулықтар қайырымдылық керуенін аттандырғаны біз үшін мақтаныш. Өзгемен бір үзім нанын бөліскен халқымыздың қашанда қиындыққа қарап қалмасы анық. Бұл күндер де артта қалар. Жақсы күндеріміздің алда екеніне сенейік.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
«Ақсу өңірі» газетінің директор - бас редакторы.

2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДА ӨТКЕН АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 31 наурызда бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Ақсу аудандық мәслихаттың орнына депутат сайлауы өтті.

Сайлаушы, оның ішінде есептен шығару күәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс - 13 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны - 3. Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№5 сайлау округі бойынша Жакупов Серікқан Амангелдіұлы үшін сайлаушылардың 550 дауысы берілді.

Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы үшін сайлаушылардың 310 дауысы берілді.

Мухаметкалиев Кайрат Акимбекович үшін сайлаушылардың 109 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 11; Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихаттың депутаты болып:

№5 сайлау округі бойынша - Жакупов Серікқан Амангелдіұлы, 1984 жылы туған, Ақсу ауданы филиалы «АМАНАТ» партиясының төрағасы, Ақсу ауданы, Жансүгіров тұрғыны сайланды.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

ТІЛ - ҰЛТТЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІ



Қазақта «Толған ел – тарихын таспен жазады, тозған ел – тарихын жаспен жазады» - деген сөз бар. Біз ұлы көштің ортасымыз. Күлтегін бабамыз тасқа жазған қазақ тілі «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Өз Тәукенің «Жеті жарғысы», бергісі абыз-жыраулардың, Абайдың, Мағжанның ойлы да сұлу жырлары, Мұхтар бастаған жазушылардың кестелі де көркем тілі – барлығы да тіліміздің мәңгілігін, тазалығын, байлығын, бейнелелігін, қазақ тілінің бабалар аманат еткен ұлы қазына екенін бәрімізге паш етіп тұр.

Рухы күшті халық жасампаз келеді, өлмейді. Ата – бабаларымыздың толарақтан саз кеше жүріп, болашақтың қамын жеуі, осыншама ұланғайыр жерді ұрпағына, бүгінгі біздерге, көзіңіз қарашығандай сақта деп мұра етіп қалдыруы осы рухтың күштілігінен. Ал, рухтың негізі де, қуаты да – тіл. Тіл – ұлттың үні.

Қ а з а қ с т а н Республикасындағы Тіл туралы Заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқы топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын

мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

Ұрпақ сабақтастығы жалғасуда. Біздің маңдайымызға Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық келбеті мен елдік нышандарын қалыптастырудағы тарихи қадамдардың күесі болу жазылыпты. Осындай бақытты да, жауапты кезеңнің куәгерлері біздер үшін аманат арқалайтын сәт келді. Сондықтан бай тілді, бар тілді қор қылу, жоқ қылу – біздің азаматтығымызға сын, қазақтығымызға мін.

Даудың түйінін шешер, әлсіздің қамқоршысы, шыншылдың жақтаушысы болған шешендердің тіл табиғатын терең меңгеріп айтқан лебіздері бүгінгі ұрпаққа өнеге мектебі болуға тиіс. Бүгінгі күні көбі өз тілінде ойлауға олақтау, өз тілінде сөйлеуге де шолғақтау толып келуде. Өр ұлт өзінің ең асыл қасиеттерін адамзатқа ортақ қазынаға айналдыруы тиіс.

Сондықтан қазақтың тілі Қазақстанда толық салтанат құруға, тәуелсіздік баянды болуға тиіс!

**Д.СҰЛТАНОВА,
бас маман,
сот - отырысының хатшысы.**

Балалар қолөнері көрмесі



20 наурыз күні "Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында қолданбалы өнер шеберлерінің спорттық жарыстарын, көрме жәрмеңкелері өтті.

Жәрмеңкеге Ақсу ауданы әкімі Берік Тынышбайұлы, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат төрағасы, ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбайұлы, мекеме басшылары қатысты.

Шара соңында «Наурыз» мерекесіне арналған балалар қолөнері көрмесіне белсене қатысып, қол шеберлігін арттыруға қосқан үлестері үшін балаларға сыйлық берілді.

Ерекше жанға ерекше назар

"Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында Ақсу аудандық "АМАНАТ" партиясы филиалында "Ерекше жанға ерекше назар" атты спорттық ойындар түрлерінен жарыс өтті. Шара Ақсу ауданының "Шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы" жаттықтырушысы Айдар Бексұлтанұлының ұйымдастыруымен өтті. І орынға Айтұған Ерлан иеленді.

**Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ,
«АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.**



101 ХАБАРЛАЙДЫ!

От жаққанда абау болыңыз!

Қыс мерзімі тек өртпен ғана емес, сондай-ақ, тұншықтырғыш газбен улану себептерімен де қауіпті. Тұншықтырғыш газдың негізгі қоспасы көміртек тотығы болып табылады. Ол – түссіз, иіссіз, дәмсіз газ. Таза күйінде өте әлсіз, болмашы ғана иісі бар. Оны иіскен кезде сезілмейді, сол себепті де адам тез уланып қалады.

Қайғылы оқиға мен өрттің басым бөлігі көбіне түтін шығатын мұржаны тазаламау мен пеш ақауын дер кезінде жөндемеуден орын алады. Тұрғын үйде пеш және басқа да жылытқыш құралды пайдалану кезінде зардапқа әкелетіндей немқұрайлық танытудан сақтану қажет.

Мұндай қайғылы оқиғаның алдын алу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережесін ұдайы сақтап отырса болғаны. Мәселен, жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмау керек. Оны кішкене балаға

табыстауға болмайды. Мұржаны үнемі күйеден тазалап, жөндеуден өткізіп, пайда болған жарықты тез арада бітеп тастаңыз. Пештің жарылып кеткен тұстары да қауіпті. Пеш алдындағы ағаш еденнің үстіне өлшемі 50x70 см.

Темірден жасалған қаңылтыр қаққан дұрыс. Құрметті жеке үй тұрғындары! Қатты отынмен жанатын пеш қондырғысын пайдаланған кезде немқұрайлық таныту қайғылы оқиғаға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан өз үйіңіздігі пешіңізге айырықша назар аударып, өзіңізді және жақындарыңызды қайғылы оқиғадан сақтаңыз.

**Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры.**

БАЛА ЖӘНЕ ӨРТ



Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды.

Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріккемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сірік, темекі қораптары қызықтыратыны естен шығып жатады.

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абау болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, бала бақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда.

Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін.

Соған қарамастан, бұл алдағы

балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Әрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе.

Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балаларымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата-аналар, есте сақтаңыздар, баланың өмірі Сіздердің қолдарыңызда және ол бағаланбайды!

**А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

АУЫЛЫМЫЗДЫҢ ТУМАСЫ, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ ЖӘНЕ АРДАГЕРІ СҮЛЕЙМЕНОВ ЖАҢЫЛЫС ҚОЖАҚАНҰЛЫНА АРНАЛҒАН «ЖАҢЫЛЫС» ЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

Жуырда Алтынарық ауылында «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Қаракемер орта мектебі, МДШО» КММ-нің ауылшаруашылығы саласының үздігі және ардагері Сүлейменов Жаңылыс Қожақанұлына арналған кітаптың тұсаукесері өтті.

Тәрбиелік мәні зор шараның мақсаты - жастарды елге адал қызмет етудің үлгісін көрсеткен Сүлейменов Жаңылыс Қожақанұлының өмірі, ауылымыздың дамуына қосқан үлесі жайында таныстырып, кіші буын жастарға патриоттық рух беріп, адамгершілік қасиеттерге баулу, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу.

Еңбек еріне құрмет – елге нығмет. «Барын бағалай білгенге бақ қонады, құндылығын құнттай білгенге құт қонады», - демекші шараға Жаңылыс атамның көзін көрген ел ағалары, ат үстінде бірге жүрген үзеңгілес достары, ізін жалғастырған ұл-қыздары қатысты. Аудан әкімі Берік Тынышбайұлы, Жаңылыс атамның қарындасы Бағила Кажохметқызы, әріптесі Сайлау Қылышбаев, ауданымыздың «Құрметті азаматы», замандасы – Нұркүміс Әміреқызы және тағы басқа көптеген қонақтар келді.

Ауылымыздың тумасы, ауылшаруашылығы саласының үздігі және ардагері Сүлейменов Жаңылыс Қожақанұлына арналған «Жаңылыс» жинағының тұсау кесу рәсіміне ортаға Алматы облысының, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», мемлекет және қоғам қайраткері, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызы, Бағила апа, Сайлау ата, Нұркүміс Әміреқызы, Күләйхан Тұрсынбекқызы жылы лебіздерін білдірді.

Мектеп дәлізі, акт залы мерекеге сай безендірілген, музыка ойнап тұр. Сыртқы есікте ұлттық киім киген ұл мен қыз келген қонақтарға: «Қош келдіңіздер»-деп жол сілтеп, илтипат көрсетіп тұр. Оқушылар келген қонақтарды қошемет көрсетіп, қарсы алды. Белсенді оқушылар арнау оқыды. Оқушылар арнау оқып болған соң, қолдарындағы гүлдерін қонақтарға ұсынды.

- «Түбін білмеген түгін білмейді»,-дейді қазақ. Ата - аналарымыздың қандай адам болғаны, істеген істері бүгінгі қоғам үшін де, немере-шөберелері үшін көмескіленіп бара жатқаны анық.

Аталарымыз, әжелеріміз, әкеміз Жаңылыс Қожақанұлы Сүлейменов, анамыз Тұрарбану Жексембекова туралы шараның замандастар мен ағайын-туыстың естеліктерін жинақ ретінде құрастырып шығарды.

Ата-анам ел арасында жақсы аттарымен есте қалған кісілер еді.

Мысалға, Әкем кез - келген жағдайда, істің орайын келтіріп, алдына келген адамның өтінішін жерге қалдырмайтын. Түннің ортасында үйдің есігінің қатты тақылдауы біз үшін әдетті нәрсе болатын. Өйткені, әкем кез - келген уақытта ауылдастардың арқа сүйейтін адамы еді. «Аға әйелімді перзентханаға апару керек, босанайын деп жатыр немесе күйеуім үйде бүлік шығарып жатыр, құдаларды шығарып салу керек» тағы осы сияқты бітпейтін «тап-сырмаларды» әкеміз күн мен түннің кез - келген уақытында, ешбір сөзге келмей орындаушы еді. Ол ауылдағы әр адам үшін өзін жауапты сезінетін. Құз уақытында үлкен кісілердің үйіне малдың шөбі мен көмірін түсіріп беру, кез - келген мәселе бойынша қарайласып отыру ол кісінің өмірінің мәні еді.

Жатқан жері жарық болғай.

Қазіргі уақытта Президент Қ.К.Тоқаевтың адал еңбек адамы ең жоғары орында болуы керек, дегені менің Әкемдей кісілердің үлгісімен де тәрбиеленуі қажет деп ойлаймын,-дейді қызы Ләззат Сүлеймен.

Кітаптың тұсаукесеріне халық көп жиналды. Бейнебаян көрсетілді. Замандастары үлгі болатын көп істерін айтып берді, жастар жағы бұл ақпараттарды жылы қабылдап, өздеріне рухани азық алды. Бұл жиынның нәтижесінде көп азаматтар біз де осындай жинақ шығарамыз деген ойға келді.

«Қарты бар елдің - қазынасы бар»,-деген халық тәмсілі қазақы болмыста қарияға құрметтің өзегін баяндап тұрғандай. Қонақтарымыздың әсерлі әңгімелері үшін, орындар ән, көрсетілген қошеметі, ел ағаларына арналды.

«Жақсы ұяда балаландар биікке ұшады», - деп атам қазақ қалай тауып айтқан. Жаңылыс атамның ұл-қыздары әке жолын жалғастырып, ел алдында жүрген елеулі тұлғалар. Ләззат апаймыз - Алматы облысының және Ақсу ауданының «Құрметті азаматы». Бейбіт ағамыз халық қалаулысы. Салтанат апай - ұстаз, Сәкен аға, Серік аға - жеке шаруа, ауылшаруашылығын дөңгелетуде.

«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді», - деген екен. Еңбектің пайдасы - тәрбиелейді, жігерлендіреді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сүруге үйретеді, ширатады, шынықтырады.

Соңында оқушылармен бірігіп ән салып, естелікке суретке түсіп, арқа - жарқа болды.

Ұрпақтар сабақтастығы бағытында өткізілген шараның ұйымдастырушыларының да еңбектеріне мың алғыс

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ.

Алтынарық ауылы.



АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

Ақсу аудандық мәслихатының «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №19-85 Шешіміне өзгеріс енгізу туралы

О внесении изменения в решение Аксуского районного маслихата от 13 декабря 2023 года № 19-85 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района»

Ақсу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Аксуский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Ақсу аудандық мәслихатының «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №19-85 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №112-19 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:
 1.1) 1- тарау, 2.1. тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
 Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;
 1.2) 2- тарау, 7 тармақ 6) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын: Әлеуметтік маңызы бар аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған тұлғалар (отбасы): әлеуметтік маңызы бар ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - ай сайын 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш;
 2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

1. Внести изменение в решение Аксуского районного маслихата «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района» от 13 декабря 2023 года № 19-85 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 112-19) следующего изменения:
 1.1) 1) подпункт 2.1) пункта 1. изложить в следующей редакции:
 Государственная корпорация "Правительство для граждан" (далее – Государственная корпорация) – юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан для оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов услугополучателю по принципу "одного окна", обеспечения оказания государственных услуг в электронной форме.
 1.2) подпункт 6) пункта 7 главы 2 изложить в следующей редакции:
 Лицам (семьям) признанным ограничение жизнедеятельности вследствие социально значимых заболеваний:
 лицам, состоящим на диспансерном учете с социально значимым заболеванием без учета среднедушевого дохода в размере 7 (семь) месячных расчетных показателей, ежемесячно
 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету басты назарда



Ақсу аудандық аумақтық инспекциясы аудан тұрғындарына төмендегідей мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

нысанындағы рұқсат беру құжатының дайын екендігі туралы хабарлама жіберіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – мемлекеттік қызмет түріне байланысты қағаз түрінде немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың жеке кабинеті, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі біріңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

1. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру.
2. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру.
3. Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу.
4. Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру.

- Жұмыс кестесі
1. Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін;
 2. Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
 3. Мемлекеттік корпорация – Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін.

- Тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету тегін және қызмет барысында сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі
1. Фитосанитариялық сертификат беру – көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – өтініш берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде орындалады.
 2. Карантиндік сертификат беру – көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті портал арқылы берген сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс сағаты ішінде.
 3. Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу – мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 3 (үш) жұмыс күні ішінде.
 4. Объектілерге есепке алу нөмірін беру – мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 10 (он) жұмыс күні.
- Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі. Көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – фитосанитариялық сертификат беріледі немесе уәжді бас тартылады. Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен орнын көрсете отырып, электрондық құжат

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен - жайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.kz ресми интернет – ресурсында орналастырылған немесе Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Сәтбаев көшесі, 2 "Б". Телефон: 2-00-32, 130-102. Эл.пошта: aksu.rti@mail.ru.

Е.УМУРЗАҚОВ, Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдік қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айндай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндөй тымық, біресе күйіндай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай».

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

ТІЛ - ең асыл құндылық

Қазақ тілі — қазақ халқының басты рухани байлығы. Әр халық үшін тіл маңызды құндылық. Біздің ата-бабамыздан қалған баға жетпес мұра. Тілден құдіретті, бағалы қасиет жоқ деп ойлаймын. Жарық дүниеге келген сәби бұл әлемді қай тілмен таныса сол тіл ол адам үшін қымбат. Себебі, сол тілмен ой өрісі дамып, көкірегі ашылып, көңілі небір жақсы сезімдерді тұшып, жүрек тұңғығында сараланады. Себебі сол тілмен алғашқы өмірде нәр беретін нұрлы асыл сөздерді атайды. Сәбидің алғашқы ана-әке, ата-әже деген аяулы сөздері өмірді тану құлшынысының бастамасы. Тіл отбасылық қарым-қатынас қана емес, ол қоғамдық дамудың маңызды сатысы.

Ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілімізде еркінсөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Тіл - әрбір ұлттың мақтанышы, жан дүниесінің айнасы. Ол - ең ұлы, тамаша тіл. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл

Тіл – оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізі, арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні болатын болса, осы құндылықтардың бәрін заманнан заманға, адамнан адамға жеткізуші — бүгінгі ұрпақ.



Бүгінгі таңда отбасындағы ұрпақ тәрбиесі-қоғамның бар саласына қатысты мәселе. Өйткені, бүгінгі шағын отбасы – ертеңгі үлкен мемлекет. Мемлекеттің тізгіні сенімді адамның қолында болу үшін ұрпаққа саналы білім қажет. Адам көп тіл білгеннен зиян көрмейді. Керісінше оның талабы да, талғамы да артады. Бірақ ең басты тұғырда өз ана тілі тұруы керек. Адамның ой-өрісі өз тілінде дамып жетілгенде ғана құндылығы артады. Тіл — әр адамның болмысы. Егер тіл жойылса адам болмысында жойылады. Сенің қазақ екендігі айғақтайтын таптырмас дәлел, ол – ана тілің.

Б.ЖАҚСЫБАЕВА, Кеңжыра ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ШАҚЫРАДЫ

Ақсу аудандық "Мансап" орталығымен бірлесе жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде Солтүстік Қазақстанға қоныс аударуы туралы сол өңірдің делегаттары келіп, "Ақын Сара" мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен кездесті.

"ҚР-ның еңбек нарығын дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы" Ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады. Қоныс аударғысы келетін тұрғындар үшін келісімге мемлекеттік көмек қарастырылған.

- Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- Көшуге материалдық көмек отағасына және әрбір отбасы мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде – бір рет көрсетіледі;
- Тұрғын үйді жалдау, жалға беру және коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығындарды өтеуге материалдық көмек ай сайын, он екі ай ішінде мынандай мөлшерде:

- 1) Қалалық жерге қоныс аудару үшін:
 - Бір адам үшін 20 АЕК мөлшерінде;
 - Отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 25АЕК.
 - Отбасы мөлшерінің бесеу және одан көп болған кезде 30 АЕК.
 - 2) Ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін:
 - Бір адам үшін 15 АЕК.
 - Отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК.
 - Отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 21 АЕК.
- Жұмыс күші тапшы Солтүстік Қазақстан облысынан Петропавл қаласы, Ақжайың, Тайшың аудандарына қоныс аудару бойынша делегациялар келді. Осы өңірлерге қоныс аударуға ниет еткен аудан бойынша тұрғындар 17 ауылдық округтен 2 сәуір 2024 жылы "Ақын Сара" мәдениет үйінде кездесу өтті. Кездесуде ниет еткен тұрғындар сұрақтарына жауаптарын алды.
- Ербол ӘБДІКӨРІМҰЛЫ.**

Құттықтаймыз!

«Қуат Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мемлекеттік мекемесінің» ұжымы әріптесіміз **БАҚЫТГҮЛ МАҚАЖАНОВАНЫ** 8 сәуір туған күнімен құттықтаймыз.

Құрметті Бақытгүл апай!

Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, кіршіксіз көңілден шыққан ізгі тілектерімізді жолдаймыз! Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірімді ана, асыл жар бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын, жанарыңыздан әрдайым нұр себелеп, жаныңыз шаттыққа кенелісін демекпіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық - қуаныш арылмасын!



Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз!
Дәулет пен мерейіңіз таси берсін,
Арта берсін абырой — беделіңіз!
МЕКТЕП ҰЖЫМЫ.

Бүлдіршіндерге ұлттық мереке - жыл басы Наурызды халқымыз қалай қарсы алғандығын үйретіп, насихаттау. Балдырғандарға ұлттық өнерімізді, ойындарды, салт - дәстүрімізді еркін меңгеріп, шебер орындай білу дағдыларын қалыптастыру;

Ұлттық салт - дәстүрлеріміздің ұмытылмай, жаңарып, осы заманғы өмірімізге кірігуіне, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Қаракемер орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Балбөбек» шағын орталығында «Наурыз жақсылығымен келсін!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Шараны тәрбиешілер: Сандұғаш Разбаева, Маржан Мұратова және Гүлжанат Матаева ұйымдастырды.

Жүргізуші Гүлжанат Өмірсерікқызы:

- Наурыз тойларың құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді

НАУРЫЗ ЖАҚСЫЛЫҒЫМЕН КЕЛСІН!



боп, тілектеріңіз қабыл болсын», - деп бастады.

Ортаға Асылым, Мұса, Әсем, Бекзат, Зәуре, Шұғыла, Әлихан, Мұстафа атты бүлдіршіндеріміз тақпақтарын айтып, өннен шашу шашып, билерін паш етті.

Қыздар жағы бұрала би билесе, ұлдар жағы ұлттық ойында-

рымыз арқан тартыс, асық атудан шеберліктерін сынады.

Соңында ата - аналар наурыз көже таратты.

Гүлжанат МАТАЕВА,
«Балбөбек» шағын орталығының аға тәрбиешісі.

САЛТ - ДӘСТҮР

Қазақ халқы ежелден Рамазан айын ерекше қастерлеп, оны «Он екі айдың сұлтаны» деп атаған. Рамазан айында Алланың алдында ең ұнамды іс - ауыз аштыру екені мәлім. Ал, ауызашар дастарханы рухани сұхбаттың, бата мен ізгі тілектің қайнары болған. Иә, таңғы сәресі әр шаңырақ үшін қуанышты сәт болса, кешкі ауызашар ағайын мен туысты, бір қауым елді имандылыққа ұйытқан, мерекесі мен берекесі үйлескен басқосу болатын.

Жаңалық ауылы шалғайдағы шағын ауыл болса да, ынтымақ - бірлігі жарасқан, айрандай ұйыған берекелі мекен. Ораза айы басталғалы мешіт босамай ауылдың әр түлегі кезектесіп оразашыларға ауызашар беру дәстүрге айналған екен. Осы дәстүрге сай ауылдың, әулеттің үлкендері ауылдан ауыл тұрғындарымен қоса, ауылдан ұзатылған қыздарды, сырттағы ұлдар мен келіндерді ауызашар жасап, арнайы шақырыпты.

Шараны ұйымдастырған әулеттің

БЕРЕКЕЛІ АУЫЗАШАР



үлкендері Тоқтарбай ағамыз, Күнсұлу апамыз, қыздары Торғын төтеміз, Жанат апамыз, әулеттің үлкен келіні Рая апамыз, осы әулеттің ұлы, ауылдың әкімі Мұсанов Берік Асылбекұлы және т.б.

«Төркіндеу» дәстүрімен қыздарға ауызашар соңында Күнсұлу апамыз арнайы сый табақ әзірлеп, әулеттің келіні Гүлім әкеліп қойды. Ауыл ақсақалы Қағазбек Намазбекұлы бата жасап, ауыл имамы құран бағыштады.

Жиналған жамағат, төркіндеп келген қыздар, ораза ұстаған жандар бір қуанышымен бөліскен ауыл тұрғындарына «Қасиетті Рамазан айында дастарқандарыңыздан аузы берік жандар дәм татсын! Үйлеріңізде діндар, тақуа, салиқалы, қадірлі жандар қонақ болсын! Дастарқандарыңыз әрдайым адал, таза тамақтарға толы болсын», - деп тілектерін айтып, риза көңілмен тарқасты.

Ербол СЫМХАНОВ.

Жаңалық ауылы.

ҚҰСТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ



Құстар өзгеше болып жаратылған құбылыс иесі. Бейне біздің аспан әлеміндегі қорғаушымыз сияқты. Құстар табиғаттың бір бөлігі. Құстар табиғатқа сән береді. Құстар жайлы, олардың пайдасы жайлы қанша айтсаңда тауыса алар емессің, сіре? Жаңатілеу

орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен мемлекеттік мекемесінің мектепалды даярлық тобында «Құстар әлеміне саяхат» атты табиғат аясында эк-курсия ұйымдастырылды. Бұл ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты - құстар, бау-бақшаның сәні, емшілері екенін түсіндіру,

сөздік қорларын молайту. Балалардың табиғатқа, құстарға қамқорлық сезімін ояту, оларды қорғауға үйрету. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында, топтағы барлық бала, ата-аналарының көмегімен құстарға ұя, жемшашарлар жасап, қамқорлығын танытты. Әр құс жайлы тақпақ айтып, жұмбақ шешіп белсенділігін көрсетті. Құстарға байланысты тыйым сөздер де айтылды. Олардың ұшан теңіз пайдасы бар екендігін атап, шашылған суреттерден «Құстардың бейнесін дұрыс құрау» ойынына белсене қатысты. Нәтижесінде балалар құстар және олардың тіршілігімен танысып, табиғатты аялауды, қорғауды жан-жақты меңгерді. Бұл ұйымдастырылған іс-әрекеттің берері мол болды.

Г. САНСЫЗБАЕВА,
Жаңатілеу орта мектебі,
МДШО КММ-нің мектепалды даярлық тобының жетекшісі.



КӨКТЕМ АРУЫ

8 наурыз - жылдың ең аяулы, жарқын және тамаша күні! Құрметті арулар, шаңырақтарыңыз бен өмірлеріңіз жылулыққа толы болсын. Табиғаттың әсемдігі шабыт берсін. Көктемнің басы өмірлеріңіздегі өте қалаулы және өте әдемі оқиғаның бастамасын білдірсін!

Осы бір тамаша аналар мерекесіне орай "Тарас негізгі орта мектебінде" "Қыз сыны" байқауы өтті, байқауға мектеп қыздары белсене қатысып, МАД тобының тәрбиеленушісі Қаниахмет Дина Дауренқызы I орынға ие болды, жетекшісі Абілжан Сымбат Қанатқызы.

Сымбат АБІЛЖАН,
Тарас негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен КММ-нің мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор - бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІң
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2502

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.